# Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 30 мамыр N 600. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" 2001 жылғы 2 ақпандағы N 201 N010201_ өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының басшылары Жоспарда анықталған іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және олардың орындалуы туралы ақпаратты жыл сайын маусымның 30-ына және желтоқсанның 30-ына Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 30 мамырдағы
N 600 қаулысымен
Бекітілген

# Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспары

Ескерту. Жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.10.28. қаулысымен .

| р/с N | Іс-шара | Аяқтау нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру** | | | |
| 1 | Жұмыс істемейтін кәсі. | Бірлескен | КарМ, ӘдМ, КПА, | 2003 жылғы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | порындарды тарату және жалған кәсіпорындарды тіркеудің алдын алу мақсатында заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | бұйрық | ММРА | 1-тоқсан |
| 2 | Заңнамаға өзгерістер (толықтырулар) енгізу мақсатында трансферттік бағаларды бақылау практикасын зерделеу және қорыту | Үкіметке ақпарат беру | ҚарМ, КБА, өзге де мүдделі мемлекеттік органдар | 2003 жылғы 1-тоқсан |
| 3 | Валюталық заңнаманы жүйелеу | Үкіметке ақпарат беру | ҰБ (келісім бойынша) | 2003 жылғы 2-тоқсан |
| | **2. Практикалық қызмет** | | | |
| 4 | Экономикалық қылмыс даму бағыттарының мониторингі үшін сарапшылық-талдау топтарын құру | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, ҚарМ, КБА, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша) | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 5 | Қазіргі заманғы есептік-статистикалық әдістерді қолдана отырып, маман. дандырылған зерттеу институттарымен бірлесіп көлеңкелі және ресми емес экономиканың параметрлерін анықтау жөнінде зерттеулер жүргізу | Үкіметке ақпарат беру | СА, ҚСЗИ | 2003 жылғы 1-тоқсан |
| 6 | Табиғи шикізатты өндіру және пайдалану жөніндегі тендерлерге, жер қойнауын пайдалану жобаларына, ірі инвестициялық жобаларға қатысушылардың іскерлік беделі мен қаржылық жағдайына тексерістер жүргізу тетігін әзірлеу | Бірлескен бұйрық | ҚарМ, ҚПА, АШМ, ЭМРМ, ҰҚК (келісім бойынша) | 2003 жылғы 4-тоқсан |
| 7 | Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған басым | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша) | 2002 жылғы 4-тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бағыттар бойынша жедел іздестіру қызметін қаржыландыруды жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу | | | |
| 8 | Экономикалық қылмыстарды жасаудың, оның ішінде салық төлеуден жалтарудың негізгі тәсілдерін жүйелеу, солардың негізінде оларды анықтаудың және ашудың әдістемелерін (алгоритмдерін) әзірлеу | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, ҚарМ, КБА, ҰҚК (келісім бойынша) | 2003 жылғы 1-тоқсан |
| 9 | Жекешелендіру саласындағы заңнаманы бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі бірлескен практикалық іс-шараларды жүзеге асыру | Үкіметке ақпарат беру | БП (келісім бойынша), ҚПА, ҚарМ | жарты жылдықта 1 рет |
| 10 | Капиталды заңсыз әкетуді, электрондық қылмысты, қылмыстық жолмен табылған ақшаны заңдастыруды анықтау және олардың жолын кесу жөнінде мемлекеттік органдар қабылдайтын шаралардың тиімділігін қамтамасыз ету | Үкіметке ақпарат беру | ҰҚК (келісім бойынша), ҚПА, ІІМ, ММРА, ҰБ (келісім бойынша) | жарты жылдықта 1 рет |

**3. Салық салу саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | Республиканың арнайы мониторинг режиміндегі ірі кәсіпорындарының қызметіне және салықтар түсімдеріне жүйелі талдау жасап отыру | Үкіметке ақпарат беру | ҚарМ | жарты жылдықта 1 рет |
| 12 | Есеп комитеті, Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті, салық және кеден органдары анықтаған құқық бұзушылықтар туралы материалдарды іс жүргізу шешімін қабылдау үшін қаржы полициясы органдарына берудің тетігін айқындау бөлігінде заңнаманы өзгерту және толықтыру туралы ұсыныстар енгізу | Бірлескен бұйрық | ҚПА, ҚарМ, ҚБА, ЕК (келісім бойынша) | 2003 жылғы 1-тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13 | Шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық төлемдерін оңтайландыру жөніндегі қызметінің практикасын зерделеу, нәтижелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Үкіметке ақпарат беру | ҚарМ, ҚПА | 2003 жылғы 2-тоқсан |
| 14 | Құқыққа қарсы іс-әрекет жасау арқылы алынған кірістерді заңдастыруға қарсы тұру жөніндегі, ақшаны көлеңкелі айналымға шығарудың жолын кесу жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ҚарМ, ІІМ, ҰБ (келісім бойынша) | жарты жылдықта 1 рет |

**4. Сыртқы экономикалық қызмет және трансферттік баға белгілеу саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | Негізгі экспорттаушылар мәмілелеріне мониторингті және экспортты жүзеге асыру кезінде трансферттік бағалардың қолданылуын бақылауды жүзеге асыру | Үкіметке ақпарат беру | ҚарМ, КБА | тоқсан сайын |
| 16 | Мұнайдың, астықтың, сирек кездесетін жер металдарының, стратегиялық маңызы бар шикізаттың, жойылып кету қаупі төнген жануарлар әлемі объектілерінің және ағаштың экспортын жүзеге асыру кезіндегі бұзушылықтарды анықтау жөнінде бірлескен практикалық іс-шаралар жүргізу | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, ҚарМ, КБА, ИСМ, АШМ, ҰҚК (келісім бойынша) | жарты жылдықта 1 рет |
| 17 | Тауарларды контрабанда. лық әкелудің (әкетудің), кеден заңнамасын бұзушылықтардың, кеден органдарындағы, оның ішінде шекара маңындағы "Бақты", "Достық", "Қорғас", "Майқапшағай" кедендеріндегі сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, оларды анықтауға және жолын | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, КБА, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша) | жарты жылдықта 1 рет |

кесуге бағытталған іс-шараларды жүргізу

18 Қара және түсті металдар сынықтарының заңсыз айналымының жолын кесу жөнінде бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, ККМ, КБА, ИСМ | жарты жылдықта 1 рет

---

**5. Жалған және көпе-көрінеу банкроттықпен байланысты құқық бұзушылықтарға қарсы күрес**

---

19 Көпе-көрінеу және жалған банкроттық фактілерінің алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы жөнінде бірлескен бұйрық әзірлеу | Бірлескен бұйрық | ҚарМ, ҚПА, ММРА | 2002 жылғы 4-тоқсан

20 Жалған және көпе-көрінеу банкроттық фактілерін анықтауға бағытталған бірлескен іс-шараларды жүргізу | Үкіметке ақпарат беру | ҚарМ, ҚПА, ММРА | жарты жылдықта 1 рет

---

**6. Акциздeлетін тауарлардың заңсыз өндірісіне және оларды сатуға байланысты құқық бұзушылықтарға қарсы күрес**

---

21 "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына және "Акциздeлетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 маусымдағы N 846 қаулысына сәйкес алкоголь өнімін және этил спиртін көтерме-бөлшек сатуды ретке келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ҚарМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2002 жылғы 2-жарты жылдық

22 Бекіре тұқымдастары уылдырығының заңсыз айналымы фактілерінің алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу мақсатында | Үкіметке ақпарат беру | ІІМ, ҚПА, ҚарМ, АШМ | жыл сайын 2 және 4-тоқсандарда

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көктемгі және күзгі кезеңдерде іс-шаралар ұйымдастыру | | | |
| 23 | Акцизделетін тауарлар жекелеген түрлерінің заңсыз айналымын болдырмау мақсатында оларды міндетті түрде есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалауды практикаға енгізу | Үкіметке ақпарат беру | ҚарМ | 2003 жыл |
| 24 | Акцизделетін өнімнің заңсыз айналымын, акциздік маркаларды, есепке алу-бақылау маркаларын жалған жасау және сату фактілерін, акцизделетін өнімді шығарумен айналысатын жасырын цехтарды анықтау мен олардың жолын кесу жөніндегі бірлескен жұмысты жандандыру | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ҚарМ, ІІМ | жарты жылдықта 1 рет |
| | **7. Бюджет саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес** | | | |
| 25 | Бюджет қаражатын, оның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерден берілген кредиттерді, мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды мақсаттан тыс пайдалануды болдырмау, анықтау және оның жолын кесу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру | Үкіметке есеп беру | ҚарМ, ҚПА, ЕК (келісім бойынша) | 2002-2003 жылдардың 4-тоқсаны |
| 26 | Мемлекеттік резервтен бөлінетін астықпен, жанармай-жағармай материалдарымен және басқа да стратегиялық маңызды шикізат түрлерімен байланысты талан-таражға салуды және өзге де құқық бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүргізу | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ММРА, ІІМ, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша) | жыл сайын 3-тоқсанда |
| 27 | Республикалық және жергілікті бюджеттердің | Үкіметке ақпарат | ЕК (келісім бойынша), ҚарМ, | 2003 жылғы 1-тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | атқарылуын сыртқы және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі, Есеп комитеті мен мәслихаттардың тексеру комиссияларының рөлін арттыру жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу туралы ақпаратты Үкіметке ұсыну | беру | облыстардың, Астана және Алматы қалала. рының әкімдері | |
| 28 | Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы және ішкі бақылау стандарттарына әдістемелік ұсынымдар әзірлеу туралы ақпаратты Үкіметке ұсыну | Үкіметке ақпарат беру | ЕК (келісім бойынша), ҚарМ, облыстардың, Астана және Алматы қалала. рының әкімдері | 2003 жылғы 4-тоқсан |
| 29 | Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау | Үкіметке ақпарат беру | МСА, ҚПА, ІІМ, БП (келісім бойынша) | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 30 | Бюджет қаражатын, оның ішінде мемлекеттік тапсырысты орналастыру, мемлекеттік сатып алу мен қарыз алуды жүзеге асыру кезінде мақсаттан тыс әрі тиімсіз және заңсыз пайдаланғаны үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының жауапкершілігін нақтылау және күшейту | Үкіметке ақпарат беру | ҚарМ, ЕК (келісім бойынша), орталық және жергілікті атқарушы органдар | 2003 жылғы 2-тоқсан |

**8. Қаржы құралдары рыногындағы және электронды операциялар саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 31 | Жалған ақша жасау фактілерінің жолын кесу жөніндегі келісілген шараларды жүзеге асыру | Үкіметке ақпарат беру | ІІМ, ҚПА | жарты жылдықта 1 рет |
| 32 | Бағалы қағаздармен, кредиттік карточкалар. мен, чектермен, оның ішінде халықаралық төлем жүйелерінің карточкала. рымен, чектерімен жасалатын операцияларды, INTERNET желісі бойынша сауда мәмілелерін және | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, ҰБ (келісім бойынша) және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар | 2003 жылғы 2-тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | т.б. жүзеге асыру кезіндегі құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі практиканы қорыту | | | |

**9. Алдын алу қызметі**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 33 | Экономика саласындағы құқықтық нормаларды түсіндіруге, заңға құлықты салық төлеушінің беделін көтеруге, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің оң келбетін қалыптастыруға бағытталған материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарына үнемі беріп отыру | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, ҚарМ, КБА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | жарты жылдықта 1 рет |
| 34 | Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күресті ақпараттық-насихаттық қолдауды қамтамасыз ету | Үкіметке есеп беру | МАКМ, ҚПА, ІІМ, ҚарМ, КБА, ҰҚК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша) | жарты жылдықта 1 рет |
| 35 | Экономика саласындағы құқық бұзушылықтардың тиімді алдын алу мен жолын кесу мақсатында құқық қорғау органдарымен "қарбалас" желілері мен сенім телефондарын орнату және оларды насихаттауды жүргізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, КБА, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша) | жарты жылдықта 1 рет |

**10. Құқық қорғау органдарының кадр саясатын жетілдіру**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 36 | Қаржы полициясы академиясының базасында экономика саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтауды және олардың жолын кесуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар үшін кадрлар даярлауды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА | 2002 жылғы 4-тоқсан |
| 37 | Экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес саласында құқық қорғау органдарының тергеу-жедел корпусының | Үкіметке ақпарат беру | ҚПА, ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша) | жылына 1 рет |

қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру

**11. Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 38 | Мынадай халықаралық келісімдерге Қазақстан Республикасының қосылуының орындылығын қарау: Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенцияға (Страсбург, 1999 жылғы 27 қаңтар); Қылмыстық іс-әрекеттен алынған табыстарды жылыстату, анықтау, алу және тәркілеу туралы конвенцияға (Страсбург, 1990 жылғы 8 қараша); Ақша белгілерін жалған жасауға қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенцияға (Женева, 1929 жылғы 20 сәуір) | Үкіметке ақпарат беру | СІМ, БП (келісім бойынша), ІІМ, ҚПА, ҰҚК (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша), өзге де мүдделі мемлекеттік органдар | 2003 жылғы 1-тоқсан |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК